

Павлодар облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2012 жылғы 15 маусымдағы № 58/5 шешімі және Павлодар облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 шілдеде № 3212 тіркелді. Тақырып жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 2 бірлескен қаулысымен және Павлодар облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 148/12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімдігінің 14.04.2022 № 2 бірлескен қаулысымен және Павлодар облыстық мәслихатының 14.04.2022 № 148/12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Павлодар облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімдігінің 14.04.2022 № 2 бірлескен қаулысымен және Павлодар облыстық мәслихатының 14.04.2022 № 148/12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың аграрлық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі

Облыстық мәслихаттың хатшысы

А. Касицин

Е. Арын

М. Көбенов

Павлодар облыстық мәслихаттың

Павлодар облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімдігінің 14.04.2022 № 2 бірлескен қаулысымен және Павлодар облыстық мәслихатының 14.04.2022 № 148/12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

гектар

№ р/с	Қалалар мен аудандардың атауы	Бір әкімшілік аудан (қала) құқығы болуы мүмкін шегінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері:							
		Жеке меншік				Уақытша өтеулі жер пайдалану			
		Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін		Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның аффилиирленген тұлғаларында		Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін		Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның аффилиирленген тұлғаларында	
		Барлығы	Оның ішінде суару	Барлығы	Оның ішінде суару	Барлығы	Оның ішінде суару	Барлығы	Оның ішінде суару
1	Павлодар қаласы	1	1	1	1	1	1	1	1
2	Екібастұз қаласы	60	1	60	1	60	1	60	1
3	Ақсу қаласы	34	1	34	1	34	1	34	1
4	Ақтоғай ауданы	51	1	51	1	51	1	51	1
5	Баянауыл ауданы	50	1	50	1	50	1	50	1
6	Железин ауданы	31	1	31	1	31	1	31	1
7	Ертіс ауданы	36	1	36	1	36	1	36	1
8	Тереңкөл ауданы	23	1	23	1	23	1	23	1

9	Аққулы ауданы	31	1	31	1	31	1	31	1
10	М а й ауданы	66	1	66	1	66	1	66	1
11	Павлодар ауданы	15	1	15	1	15	1	15	1
12	Успен ауданы	32	1	32	1	32	1	32	1
13	Шарбақты ауданы	21	1	21	1	21	1	21	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК